



"Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі" МЕМБ

📍 проспект Нурсултана Назарбаева, 215

☎ 8 (7112) 51 35 31

🌐 Wketc..kz
www.wketc.edu.kz

**МАМАНДЫҚ АТАУЫ: 04110100 -
"Есеп және аудит"
Біліктілік:4S04110102
«Бухгалтер» мамандығы
бойынша**

**Оқу мерзімі: 9 сыныптан
кейінгі 2 жыл, 10 ай.11 сыныптан
кейінгі 1 жыл, 10 ай.**

Оқу нысаны: күндізгі



**Бұл мамандық бойынша
бітірушілер төмендегідей жұмыстар
істей алады:**

- есепші;
- бас есепшінің көмекшісі;
- қаржылық талдаушы;
- қаржы бойынша кеңесші;
- салық және қаржы саласының мамандары;
- ішкі және сыртқы аудит бойынша аудиторлар.

- Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:**
- кез келген ұйымдар, кәсіпорындар, компаниялардың есеп бөлімдері;
 - аудиторлық компаниялар;
 - консалтингтік компаниялар;
 - мемлекеттік кәсіпорындар;
 - ірі фирмалар мен банктер;
 - экономикалық талдау және болжау бөлімдері;
 - қадағалау және ішкі аудит бөлімдері.

Кәсіби қызмет саласы болып мемлекеттік орган, барлық жеке меншік мекемелер мен кәсіпорындар, нарық инфрақұрылымы саласындағы экономиканы мемлекеттік реттеу басқару органдары, ғылыми - зерттеу мекемелері табылады.

Қазіргі уақытта көптеген ұйымдар автоматтандырылған есеп жүргізеді. Бухгалтерия мамандығының басымдықтары мемлекеттің мүдделері мен меншік иелерінің қажеттіліктерімен анықталады, ал есепшотқа қойылатын талаптар тұрақты түрде артып келеді. Кәсіби бухгалтердің дамуы зияткерлік және білім деңгейін жоғарылату арқылы жүзеге асырылады.

Құжаттарды ресімдеу, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, салық төлеу, салық органдарымен қарым-қатынас жасауға және т.б., б изнесмендер, кәсіпкерлер мен менеджерлерден көп уақыты, қаржысы және күші жұмсалады. Барлық осы мәселелерді шешу үшін сізге бухгалтер қажет.

Бухгалтерлік есеп пен салық саясатының барлық мәселелерін түсінетін білікті бухгалтер - кәсіпорынның құнды қызметкері және ең беделді адамы.

Қазіргі уақытта бухгалтерлерге деген сұраныс артып келеді, және жас мамандарға қойылатын талаптар да өзгерді. Егер бухгалтер бұрын жұмысқа тек қана қысқа мерзімді курстар тәмамдап орналаса алатын болса, ендігі талап жоғары білім қажеттілігі.

Қазіргі жағдайда бухгалтер мамандығы бүкіл әлемде де, Қазақстан Республикасында да жоғары сұранысқа ие. Өйткені бүгінгі таңда ешқандай компания бухгалтерсіз жұмыс істей алмайды.

МАМАНДЫҚ: 04110100 – «Есеп және аудит»

Біліктілік: S04110102

«Бухгалтер»

Оқу ұзақтығы:

9-сыныптан кейін – 2 жыл, 10 ай.

11-сыныптан кейін – 1 жыл, 10 ай.

Күндізгі оқу нысаны.



«Есеп және аудит» мамандығының студенттері мынадай білік пен дағдыларға ие болады:

- қазіргі заңнаманы сақтау және шаруашылық субъекті экономикасын бекіту ұстанымдарына негізделген тиімді есепке алу саясатын таңдау арқылы есеп пен есеп беруді ұйымдастырудың оңтайлы жүйесін құрады;
- шаруашылық субъектісінің активтері, міндеттемелері, капиталының бар болуын, қозғалысын есепке алу және оның шаруашылық-қаржы іс-әрекетінің нәтижелерін анықтау жұмыстарын орындайды;
- шаруашылық амалдар аудиті ұстанымдарын, ережелерін іс жүзінде қолданады;
- кәсіпорын мен ұйым экономикалық іс-әрекетінің іс жүзіндегі мәселелерін кәсіби деңгейде шешеді;
- ұйымдастыру құжаттарын, коммерциялық келісім-шарттарды құрастырады, іскерлік кездесулер мен дебаттарды жүргізеді;
- шаруашылық шешімдер қабылдау және нысандар жұмысының тиімділігін бағалау мақсатымен есепке алу мен есеп беру ақпаратын талдап өңдейді;
- индукция мен дедукция, сыни тұрғыдан ойлау әдістерін қолданады, құрылымданбаған проблемаларды анықтап шешеді, шектелген қорлар және қатаң тәртіп жағдайында басым бағыттарды анықтайды.



Заманауи бухгалтерге қойылатын талаптар:

- зерттелген үрдістердің дамуындағы үрдістерді талдау негізінде анықтау;
- ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- басқару және өндіріс деңгейін көтеруге үлес қосу;
- шаруашылық субъектілерінің қаржылық-шаруашылық қызметін талдау және тексеру.

Бухгалтер-болашақтың мамандығы!

Бізге қосылыңдар, Сіз болашақ мамандығыңыздың таңдау дұрыстығына ешқашан өкінбейсіз!!!

